

Май аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы "2019 - 2021 жылдарға арналған Көктөбе ауылдық округінің бюджеті туралы" № 1/41 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 шілдедегі № 2/51 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 шілдеде № 6485 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Май аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Май аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы "2019 - 2021 жылдарға арналған Көктөбе ауылдық округінің бюджеті туралы" № 1/41 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6226 болып тіркелген, 2019 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

1) тармақшасында:

"150010" деген сандар "165694" деген сандармен ауыстырылсын;

"135509" деген сандар "151193" деген сандармен ауыстырылсын;

2) тармақшасында "150010" деген сандар "168323" деген сандармен ауыстырылсын;

5) тармақшасында "нөлге тең" деген сөздер "-2629" деген сандармен ауыстырылсын

;

6) тармақшасында "нөлге тең" деген сөздер "2629" деген сандармен ауыстырылсын;

3-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"3. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте Көктөбе ауылдық округтің бюджетіне берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер есепке алынсын:

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге - 13984 мың теңге;

Май ауданы әкімдігінің, Көктөбе ауылдық округі әкімі аппаратының "Ақбота" бөбектер бақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнына аз қамтылған

және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға тамақтану ұйымдастыру үшін әлеуметтік көмекке - 3806 мың теңге;
 елді мекен көшелерін жарықтандыруға - 1341 мың теңге;
 елді мекенді абаттандыруға - 1460 мың теңге;
 елді мекеннің санитариясын қамтамасыз етуге - 1940 мың теңге;
 жазғы су құбырын ағымдағы жөндеуге - 3500 мың теңге;
 мемлекеттік органның ағымдағы және күрделі сипаттағы шығыстарына - 1030 мың теңге;

балалар алаңын орнатуға - 2607 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму және бюджет жөніндегі комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Май аудандық

мәслихатының хатшысы

А. Жетыбаева

Г. Арынов

Май аудандық мәслихатының

2019 жылғы 18 шілдедегі

№ 2/51 шешіміне

қосымша

Май аудандық мәслихатының

2018 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 1/41 шешіміне

1-қосымша

2019 жылға арналған Көктөбе ауылдық округінің бюджеті (өзгерістермен)

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	165694
1			Салықтық түсімдер	14451
	01		Табыс салығы	5356
		2	Жеке табыс салығы	5356
	04		Меншікке салынатын салықтар	9095
		1	Мүлікке салынатын салықтар	403
		3	Жер салығы	629

		4	Көлік құралдарына салынатын салық	8063
2			Салықтық емес түсімдер	50
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	50
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	50
4			Трансферттердің түсімдері	151193
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	151193
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	151193

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
	Функционалдық кіші топ				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
				2. Шығындар	168323
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	24078
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	24078
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ	24078

				әкімінің аппараты	
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23528
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	550
04				Білім беру	104284
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	100294
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	100294
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	100294
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	3990
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3990
				Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі	

			005	мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	3990
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	5512
	2			Әлеуметтік көмек	5512
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5512
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	5512
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	30391
	2			Коммуналдық шаруашылық	3500
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала , кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3500
			014	Елді мекендерді с у м е н жабдықтауды ұйымдастыру	3500
	3			Елді-мекендерді көркейту	26891
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	26891
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	9846

			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	6140
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	10905
12				Көлік және коммуникация	4057
	1			Автомобиль көлігі	4057
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4057
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4057
15				Трансферттер	1
	1			Трансферттер	1
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1
			048	Пайдаланылмаға н (толық пайдаланылмаға н) нысаналы трансферттерді қайтару	1
				3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0

			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-2629
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2629
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	2629
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2629
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2629